



БЕКІТЕМІН

Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университетінің
ректоры

Б.Т.Шакешев Б.Т.Шакешев

» _____ 2025 ж.

**Педагогтердің біліктілігін арттыру және курстан кейінгі қолдауды
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Орал, 2025






**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
3- беті**

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Негізгі терминдер мен анықтамалар	4
3. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру рәсімі.....	5
4. Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру тәртібі.....	6
5. Курс жаттықтырушыларына қойылатын талаптар	7
6. Тындаушыларға қойылатын талаптар	8
7. Сертификат беру тәртібі	8
8. Педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және өткізу рәсімі.....	9
9. Ереженің қолданылу мерзімі.....	10
10. Нормативтік сілтемелер.....	10
11. Қосымшалар.....	11

Өзірленді: Бекмашева А.Н.  « 01 » 12 2025 ж.	Келісілді: Тасмагамбетов А.С.  Машанова С.А. 	Енгізілді: « 02 » 12 2025 г. Қайта қарау: « 02 » 12 2028 ж.
---	---	--



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
3- беті**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде (бұдан әрі - университет) педагогтердің қызметін арттыру және курстан кейінгі қолдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру университетте қосымша білім берудің негізгі нысаны болып табылады.

1.3. Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың мақсаты оқыту мен оқудың сапасын арттыру үшін бұрын алған кәсіби білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру болып табылады.

1.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын университеттің Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы ұйымдастырады және өткізеді.

1.5. Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, осы университет Жарғысы мен Ережені басшылыққа алады.

1.6. Біліктілікті арттыру және біліктілікті арттыру курстарын қайта даярлау орталығының іске асыруының барлық аспектілерін жалпы басқаруды және бақылауды университеттің Ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор жүзеге асырады.

1.7. Педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын ұйымдастыру және енгізу бойынша негізгі мәселелерді шешу Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғылыми кеңесінің отырыстарында жүзеге асырылады.

1.8. Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы жетекшісінің міндеті:

1.8.1. бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес курстарда педагогтарды оқыту;

1.8.2. педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау;

1.8.3. білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеуді жүзеге асыру!

1.9. Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында мемлекеттік тапсырыс есебінен де, жұмыс беруші есебінен де, сондай-ақ өз қаражаты есебінен де біліктілікті арттыру курстарынан өтуге тең мүмкіндіктерге ие.



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
4- беті**

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1. Біліктілік – тиісті кәсіптік қызмет түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті кәсіптік білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы.

2.2. Білім берудегі мониторинг – білім беру үдерістерін жүзеге асыру нәтижелері мен шарттарының, білім алушылар контингентінің, желінің, сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметі жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерінің жай-күйі мен өзгеру динамикасын жүйелі түрде бақылау, талдау, бағалау және болжау.

2.3. Қорытынды бағалау – педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес растау рәсімі.

2.4. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқытудың сапасын арттыру мақсатында жаңа кәсіби білімдерді игеруге, сондай-ақ бұрын алынған кәсіби білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды және құзыреттерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

2.5. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингілеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

2.6. Сертификат – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға берілетін құжат.

2.7. Сертификатқа қосымша – білім беру бағдарламасының меңгерілген модульдерінің тізбесін бағалары көрсетіле отырып қамтитын құжат.

2.8. Сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын тұлға.

2.9. Сыртқы қорытынды бағалау – педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін біліктілікті арттырудың ұзақ мерзімді курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес растау рәсімі.

2.10. Тыңдаушы – біліктілікті арттыру курстарынан өтіп жатқан тұлға.



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
5- беті**

2.11. Білім алудың нәтижелері – білім беру бағдарламасын меңгеру барысында тыңдаушы қол жеткізетін, өлшенетін және бағаланатын білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы.

2.12. Білім беру модулі – белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, мазмұны, көлемі және бағалау түрлері айқындалған білім беру бағдарламасының құрылымдық бөлігі.

2.13. Біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы – педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған, оқу мақсаттарын, мазмұнын, оқу жүктемесін, оқыту нысандары мен әдістерін, сондай-ақ бағалау өлшемдерін айқындайтын құжат.

2.14. Курстың академиялық сағаты – білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың белгіленген өлшем бірлігі (дәріс, практикалық, семинарлық сабақтар, өзіндік жұмыс).

2.15. Оқу жүктемесі – білім беру бағдарламасында көзделген аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жұмыстарының жалпы көлемі.

2.16. Оқу нысаны – білім беру бағдарламасын іске асыру тәсілі (күндізгі, қашықтан, аралас (blended learning)).

2.17. Қашықтан оқыту – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім беру процесін қашықтан ұйымдастыру нысаны.

2.18. Аралас оқыту (blended learning) – дәстүрлі (аудиториялық) және қашықтан оқыту элементтерін біріктіре отырып жүзеге асырылатын оқыту нысаны.

**3. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру
тәртібі**

Курстар:

3.1. еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);

3.2 жалақысын сақтай отырып еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);

3.3. шетелде еңбек қызметінен 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге қол үзе отырып;

3.4. аралас (күндізгі қашықтықтан оқыту әдісімен) әдістерімен ұйымдастырылады.

Ұйым білім саласындағы Уәкілетті органға (бұдан әрі – Уәкілетті орган)



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
6- беті**

келесі құжаттарды (бұдан әрі – Құжаттар) ұсынады:

- 1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі, Ұйымның жарғысы;
- 2) тренерлердің дәрежесін растайтын дипломдардың және (немесе) біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің көшірмелері;
- 3) тренерлермен ниет туралы еңбек шарттарының көшірмелері;
- 4) біліктілікті арттыру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыруды және бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеуді реттейтін құжаттар;
- 5) шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың, немесе ғимаратты (үй-жайды) жалдау шартының көшірмелері;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының (актінің) және өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің (хаттың) көшірмесі.

4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі

4.1 Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру Облыстың білім басқармасынан, қаланың білім бөлімінен, мектептердің, колледждердің, мектепке дейінгі мекемелердің педагог қызметкерлерінен педагогтерді курстарға жіберу туралы еркін нысандағы өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

4.2 Өтінімдерді жинау нәтижелері бойынша тыңдаушылар топтары құрылады.

4.3 Тыңдаушылар құрамына қабылдау университет ректорының бұйрығымен, оқу мерзімін, білім беру бағдарламасын және білім беру бағдарламаларының жауапты басшыларын көрсете отырып рәсімделеді.

4.4 Білім беру үрдісі жылдық кестемен, білім беру бағдарламасымен, сабақ кестесімен реттеледі.

4.5 Біліктілікті арттыру курсы ұйымдастыру біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығында болуға тиіс тиісті әдістемелік қамтамасыз етумен сүйемелденеді.

4.6 Тыңдаушыларды оқыту үдерісіне Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының басшысы, институт директоры, бағдарламаларының жетекшілері, курс жаттықтырушылары тікелей жауапты болады.

4.7 Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
7- беті**

тындаушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әзірлеуші/автор болып табылатын білім беру бағдарламасының жетекшісі әзірлейді.

4.8 Білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту жөніндегі университет Ережесіне сәйкес бекітіледі.

4.9 Курстардың ұзақтығы академиялық сағаттардың келесі көлемдеріне сәйкес келуі керек:

4.9.1 Қысқа мерзімді курстар - 36-дан 108 академиялық сағатқа дейін;

4.9.2 Ұзақ мерзімді курстары - 108-ден жоғары академиялық сағат;

4.9.3 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің тағылымдамасы - кемінде 36 академиялық сағат;

4.9.4 Курстың академиялық сағаты 50 минутты құрайды.

4.10 Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтық нысандарда әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы бір мезгілде немесе кезең кезеңмен жүзеге асырылады.

5. Курс жаттықтырушыларына қойылатын талаптар

5.1 Курстарды жаттықтырушылардың келесі санаттары жүргізеді:

5.1.1. біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының бейіні бойынша жұмыс тәжірибесі бар педагогтар;

5.1.2. кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар өндірістік кәсіпорындардың мамандары мен қызметкерлері;

5.1.3. педагогикалық және бейіндік мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы;

5.1.4. курстарды өткізуге университет оқытушыларынан жекелеген әдіскерлер, практик-оқытушылар, өндірістік кәсіпорындардың мамандары, өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, жұмыс берушілер қауымдастықтарының сағаттық еңбекақысы бар өкілдері тартылуы мүмкін;

5.1.5. университеттің штатынан тыс жаттықтырушылардың ішінен (сырттап тартылған) курстарды өткізуге тек сертификатталған жаттықтырушылар ғана жіберіледі;

5.1.6. курсты өткізуге тартылған жаттықтырушылармен қызмет көрсету



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
8- беті**

5.1.7. шарты немесе негізгі еңбек шартына қосымша келісім жасалады.

6. Тыңдаушыларға қойылатын талаптар

6.1. Біліктілікті арттыру курсы игеру жұмыстан үзіліспен немесе ішінара қол үзіп жүргізіледі.

6.2. Біліктілікті арттыру курстарына оқуға үміткерлер келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

6.2.1. Осы Ереженің 1 -қосымшасына сәйкес өтініш немесе еркін нысанда жазылған ұйымның өтінімі;

6.2.2. Жеке куәліктің көшірмесі;

6.2.3. Кәсіптік техникалық немесе жоғары білім туралы дипломның көшірмесі;

6.2.4. Деректер сауалнамасы (2-қосымша);

6.2.5. Бюджет қаражаты есебінеп оқыту кезінде білім беру ұйымының оқуға жіберу туралы бұйрығы (басшының мөрімен және қолымен) қосымша ұсынылады.

6.3. Тыңдаушы біліктілікті арттыру курстарынан өтудің мынадай талаптарын көрсете отырып, келісімшартқа қол қояды:

6.4. Оқу ақысын уақтылы төлеу және Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығына төлем құжатының көшірмесін (нөмірін, күнін, сомасын және тыңдаушының Т.А.Ә., курстың атауын көрсете отырып) ұсыну;

6.5. Белгіленген мерзімде жеке жұмыс жоспарын орындау;

6.6. Бағдарламада көзделген ағымдағы сынақтарды тапсыру;

6.7. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау және университет жарғысында көзделген талаптарды орындау;

6.8. Тыңдаушыларды бюджет қаражаты есебінен біліктілікті арттыру курстарына қабылдау Білім басқармаларының тыңдаушылардың тізімдерімен қоса берілген хаттары негізінде университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

6.9. Қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесінен тыңдаушылардың дербес деректерін жинауды жүзеге асырады.

7. Белгіленген үлгідегі сертификат беру тәртібі

7.1. Курстарды аяқтағаннан кейін қайта даярлау, біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы оқыту бағдарламасына сәйкес нысан бойынша



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
9- беті**

7.2. қорытынды бағалауды жүргізеді.

7.3. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тындаушыларға университет осы Ереженің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес сағат тақырыбы мен көлемін көрсете отырып, QR кодымен, тіркеу номерімен заңды рәсімделген біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы сертификат пен бағалары көрсетілген қосымша беріледі.

7.4. Сертификат алмаған тындаушылардың мүмкіндігі бар:

7.4.1. жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;

7.4.2. келесі курстар ағынымен білімді қайта бағалауға;

7.4.3. ағымдағы жыл ішінде бір ағыннан екіншісіне дәлелді себеппен ауысуға;

7.4.4. растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себептермен үзілген курсты аяқтауға.

7.5. Біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы шарттың (келісімнің) талаптарын орындамаған тындаушылар университет ректорының бұйрығына сәйкес оқудан шығарылады. Университет жұмыс берушіге тындаушының оқудан шығарылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

7.6. Тындаушылардың сертификат алғаны туралы ақпарат педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын аяқтаған электрондық деректер базасына енгізіледі.

**8. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру
және жүргізу рәсімі**

8.1. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен Педагог жұмыс барысында алған кәсіби құзыреттіліктерін қолданады.

8.2. Білім беру бағдарламасының жетекшісі алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырады.

8.3. Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

8.4. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізу нысандарына мыналар жатады:

8.4.1. тындаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек қрсету;

8.4.2. педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
10- беті**

8.4.3. педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

8.4.4. Курстан кейінгі қолдау нәтижелерін талдауды және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинги білім беру бағдарламасының жетекшісі үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізеді.

9. Ереженің қолданылу мерзімі

9.1. Осы Ереже жаңасы қабылданғанға дейін қолданылады.

9.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

10. Нормативтік сілтемелер

10.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді:

10.1.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 -111 Заңы (өзгерістерімен және толықтыруларымен).

10.1.2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (өзгерістерімен және толықтыруларымен).

10.1.3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 23; 2023 жылғы 2 тамыздағы № 379 «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.

10.1.4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. «Мектепке дейінгі тәрбие меп оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

10.1.5. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен).



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
11- беті**

10.1.6. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен).

11. Қосымшалар

1-қосымша

(Ұйымның атауы) басшысы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(Қызметі)

Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)

Мен,

бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына оқыту _____ тілінде жүргізілетін топта оқу үшін менің кандидатурамды қарауыңызды өтінемін.

(өтініш берушінің қолы)

(өтініш берілген күні, жылы)



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
12- беті**

2-қосымша

Біліктілікті арттыру курсының тыңдаушыларына арналған сауалнама

Аты/тегі, әкесінің аты	
ЖСН	
Туған күн, айы, жылы	
Қызметі	
Білімі	
Біліктілік санаты (дейін жарамды)	
Жұмыс атауы (аймақты көрсетумен ұйымның толық атауы)	
Жалпы тәжірибе (стаж)	
Педагогикалық тәжірибе (стаж)	
Оқу тілі	
Мекен жайыңыз	
Байланыс телефоны	
Электронды пошта	
Қосымша ақпарат	



**ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**СЖҚ. 08. ҚЕ. 81
Бет: 14 беттің
13- беті**

3-қосымша

Ұйымның қазақша атауы

Ұйымның
логотипі

Официальное наименование
организации

СЕРТИФИКАТ

Осымен біліктілікті арттыру

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) курсың тақырыбы бойынша
(курс тақырыбы)

академиялық сағат көлемінде өткендігін растайды.

Ұйым басшысы

(қолы)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тiркеу номер i №

Берiлу күнi: ""20 _____ жылы

